

Жалағаш кенті бойынша жер участелері үшін салықтық төлемақының базалық ставкаларына түзеті коэффициенттерін және жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2008 жылғы 09 қазандағы № 12-2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 31 қазанда № 10-6-107 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-7 шешімімен

**Ескерту.** Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 29.06.2016 № 4-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі:

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы кодексінің 8, 11-баптарына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

**Ескерту.** Кіріспе толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010.03.31 N 28-3 шешімімен.

1. Жалағаш кенті бойынша жер участелері үшін салықтық базалық ставкаларына түзету коэффициенттері және жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

XII-сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

*Б. Пирмаханов*

*К. Сүлейменов*

2008 жылғы 9 қазандағы N 12-2  
аудандық мәслихаттың шешіміне  
1-қосымша

**Жалағаш кентіндегі аймақтардың жер участелері үшін салықтық төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері**

Аймақтың номірі	Салықтық төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффиценттері
I	1,5
II	1,3
III	1,2
IV	1,0

## Аймақтық шекараларының сипаттамасы

Бағалау аймақтарының номірі	Аймақ шекаралары және жер-кадастр кварталдарының номірі	Аймақ көлемі
I	Аймақ шекарасы Солтүстікте аймақ шекарасы Өміrbай шешен көшесі мен Шаменов көшесінің қылышынан басталып, әрі қарай солтүстік шығыс бағытта Сәрке батыр көшесінің бойымен Жүргенов көшесі арқылы Бұқарбай батыр көшесіне өтіп, темір жолға келіп тіреледі. Әрі қарай темір жолды бойлап онтүстік батыс бағытында жүріп отырып Элеватордың шекарасымен Абай көшесіне келіп тіреледі. Одан әрі Абай көшесін бойлап солтүстік-шығыс бағытта Әлмағанбетов көшесі арқылы Төле би көшесіне келіп тіреледі. Төле би мен Сопбеков көшелерінің қылышынан Бұқарбай батыр көшесі бойлап солтүстік бағытта Өміrbай шешен көшесі мен Шаменов көшесінің қылышына дейін. (001,002,003,004 кварталдары)	150,0 гектар
II	Аймақ шекарасы Абай көшесі мен Алғабас көшелерінің қылышынан басталып Шаменов көшесі арқылы Әлмағанбетов көшесінен Мырзалиев көшесімен солтүстік шығыс бағытта жүріп отырып Сәрке батыр көшесінен Ізтілеуов көшесіне түсіп одан әрі Шаменов көшесіне келіп тіреледі. Одан әрі қарай Нұрлайісов көшесімен онтүстік бағытта жүріп отырып Бұқарбай батыр көшесін киып өтіп Қызылорда-Жалағаш автожолына келіп түседі. Әрі қарай кент шекарасын бойлай отырып Жалағаш-Ақсу автожолына тоқтайды. Содан кейін Жеңістің 50 жылдығы көшесімен Дәуімбай көшесі арқылы темір жолға жетеді. Әрі қарай темір жолды бойлай I аймақтың шекарасының нобайымен Абай көшесі мен Алғабас көшелерінің қылышына келіп тоқталады. Одан әрі I аймақтың шекарасының нобайымен темір жолға дейін. (001,002,003,004 кварталдары)	304,0 гектар
III	Аймақ шекарасы бөгет бойымен Қабылов көшелерінің қылышынан бастап солтүстік шығыс жаққа Әлмағанбетов көшесі арқылы Қалыбаев көшесінің бойымен, одан әрі каналды жағалап Бұқарбай батыр көшесі арқылы Қызылорда-Жалағаш автожолымен батыс бағытта жүріп отырып II, I аймақтардың шекарасының нобайымен Жалағаш-Ақсу автожолымен онтүстік бағытта кент шекарасына келіп тіреледі. Кент шекарасымен батысқа қарай жүріп отырып Панфилов көшесі арқылы Сәтпаев көшесіне тіреледі. Әрі қарай Сәтпаев көшесімен жүріп отырып Жеңістің 50 жылдығы көшесі арқылы кент шекарасымен жүріп отырып канал арқылы темір жолдан өтіп бөгетке дейін. (001,002,003,004 кварталдары)	245,0 гектар
IV	<p>N 1 у а с к е с і Аймақ шекарасы кенттің солтүстік батыс бағытта бөгет бойымен Қабылов көшесін бойлап Әлмағанбетов көшесі Қалыбаев көшесіне тоқтайды. Одан әрі каналды бойлап солтүстік шығыс бағытында жүріп отырып кенттің шекарасына келіп тоқтайды. Әрі қарай кенттің шекарасын бойлап отырып, бөгетке қайта тіреледі.</p> <p>0 0 1 , 0 0 2 , 0 0 3 к в а р т а л д а р ы )</p> <p>N 2 у а с к е с і Аймақ шекарасы онтүстік батыстан Жеңістің 50 жылдығы көшесін бойлап Сәтпаев көшесі арқылы Панфилов көшесімен онтүстік шығыс бағытында жүріп отырып кенттің шекарасына тіреліп тоқтайды. Одан әрі кенттің шекарасын бойлап арық арқылы Жеңістің 50 жылдығы көшесіне дейін. (004 квартал)</p>	131,0 гектар

2008 жылғы 9 қазандагы N 12-2  
аудандық мәслихаттың шешіміне  
2-қосымша

**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінің жерлерін  
аймақтарға бөлу  
СХЕМАСЫ**

(схеманы қағаз жүзінде қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК